

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР Президенті Әкімшілігінің өкілі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астана, Алматы әкімшілігі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі өкілдерінің қатысуымен өткен кеңейтілген

Ғылыми кеңесінің

ҚАУЛЫСЫ

23 қаңтар 2026 жыл, хаттама №6

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Қ. Түймебаевтың «Абайдың 180 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орындалған көпсалалы іс-шаралардың қорытындысы және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» стратегиясын іс жүзіне асыру мақсатынан туындайтын міндеттер» баяндамасын, Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Ж. Дәдебаевтың «Абай ілімі – алтыннан ардақты құндылығымыз» баяндамасын, ЮНЕСКО бойынша журналистика және коммуникация кафедрасының профессоры Б.Ө. Жақыптың «Абай ілімін жастардың рухани-мәдени санасында жаңғырту» баяндамасын, Ғылыми кеңес мүшелері мен арнайы шақырылған өкілдердің пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, Мемлекет басшысының 2025 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарында» көрсетілген міндеттерді іс жүзіне асыру мақсатында талқылай келіп, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Абайдың 180 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орындалған көпсалалы іс-шаралар нәтижелерінің қорытындысы мақұлданын.

2. Абайдың Кісілік кодексі, «Абай ілімі» оқу пәні Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын іс жүзіне асырудың инновациялық құралы және маңызды тетігі болып есептелсін.

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	«Абайтану антологиясы» атты интеллектуалдық е-ресурстар базасы, «Абай ілімі» оқу пәні, Абайдың кісілік кодексі, Абайдың таксономиясы жұмыс берушінің тапсырысы бойынша орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нақты және затты инновациялық өнімдері ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зияткерлік меншігі болып бекітілсін және университеттің зияткерлік меншігі тізбесіне енгізілсін.	М.Қ. Ибраимов	28.02.2026
2	Университеттің жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндері	А.К. Галеева	30.04.2026

	циклындағы «Абай ілімі» оқу пәні жоғары оқу орнының таңдау компоненті ретінде бекітілсін.		
3	Абайдың кісілік кодексін білім берудің барлық деңгейлеріндегі (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш білім беру; негізгі орта білім беру; орта білімнен кейінгі білім беру; жоғары білім беру) тәлім-тәрбие және мәдени-ағарту ісінің салалары бойынша пайдалану туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігіне, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұсыныс жасалсын.	А.К. Галеева М.Қ. Ибраимов Б.Б. Омаров	28.02.2026
4	Абайдың Кісілік кодексін цифрлық форматта көрнекі үлгідегі заманауи баннерлерге салып, қалааралық және қала ішіндегі даңғыл жолдардың бойында, демалыс орындарында, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет, әкімдік мекемелерінің алаңдарында орнату және көпшіліктің игілігіне айналдыру туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астананың әкімшіліктеріне ұсыныс жасалсын.	Ж.Д. Есімова	30.05.2026
5	Абайдың Кісілік кодексі жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттарындағы жоғары сынып пәндері бойынша оқулықтарының бірінің мұқабадан кейінгі бетіне (форзац) көрнекі түрде жазылуын қамтамасыз ету туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігіне ұсыныс берілсін.	Б.Қ.Рахимбекова	28.02.2026
6	Абайдың таксономиясын отандық жалпы орта білім беру саласында өндіріске енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігіне ұсыныс жасалсын.	Б.Қ.Рахимбекова	28.02.2026
7	Кеңейтілген Ғылыми кеңес шешімдері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астана, Алматы әкімшіліктеріне, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне, ҚР Оқу-ағарту министрлігіне, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне берілген ұсыныстардың орындалуын бақылау туралы Президент әкімшілігіне сұраныс жасалсын.	Қ.Т. Тастамбек	28.02.2026

Қаулының орындалуын бақылау ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасының орынбасары – Бірінші проректор Еркін Эрманұлы Дүйсеновке тапсырылсын.

Ғылыми кеңес төрағасы



Ж.Қ. Түймебаев

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы



М.Қ. Мәмбетова